

**Исатай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 150-V " Алушылар санатының тізбесін және әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Исатай ауданы мәслихатының 2016 жылғы 14 қыркүйектегі № 51-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 қазанда № 3624 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 желтоқсандағы № 83-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 06.12.2021 № 83-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат кезектен тыс VI сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 150-V "Алушылар санатының тізбесін және әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2804 санымен тіркелген, аудандық "Нарын таңы" газетінде 2013 жылғы 26 желтоқсанда жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

келесі мәтіндегі 4-1 тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға емдеу мекемесінің ай сайын ұсынатын тізіміне сәйкес, амбулаториялық ем алу кезеңіне 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (отбасы табыстары есепке алынбай) әлеуметтік көмек бекітілсін."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың Әлеуметтік мәселелер, гендерлік саясат, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс жөніндегі тұрақты комиссиясына (Л. Мутянова) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мелекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 шілдесінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудандық мәслихаттың кезектен  
тыс VI сессиясының төрағасы*

*Р. Әбшеев*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Мұханбеталиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК